"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2026 жылғы 11 маусымындағы
№ 66 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2026 жылғы 01 шілдесінен бастап

қолданысқа енгізілді

Негізгі шартты белгілердің
ГЛОССАРИЙІ

Алматы қ.

2026

Осы Глоссарий "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың (бұдан әрі – Биржа) "Сауда-саттық өткізу ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес әзірленді және Биржаның ішкі құжаттары мен қызметінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда Биржа мүшелері мен өзге клиенттерінің қызметінде біріздендіріп пайдалану мақсатында негізгі шартты белгілерді айқындайды.

Сондай-ақ Биржа өз қызметінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалатын өзге де ұғымдар мен терминдерді қолданады.

1. Осы Глоссарийдің мақсаты үшін шартты белгі деп қолданыстағы заңнамада көзделмеген, қандай да бір объектінің, құбылыстың немесе оқиғаның атауын жазуды, оқуды, қабылдауды және түсінуді жеңілдету үшін қысқартылып берілген және қолданылу аясы шектеулі (мысалы, тек бір құжаттың немесе өзара ұқсас құжаттар тобының мақсаты үшін ғана пайдаланылатын) белгілеу танылады.
2. Осы Глоссарийде көрсетілген негізгі шартты белгілер Биржаның ішкі құжаттарында, сондай-ақ оның қызметтік құжаттамасы мен хат алмасуында пайдаланылады.
3. Ең алдымен Биржа мүшелерінің пайдалануына арналған Биржаның ішкі құжаттарында қолданылатын, бірақ мұндай ішкі құжаттарда анықтамалары берілмеген негізгі шартты белгілер осы Глоссарийде айқындалған.
4. Осы Глоссарийдің 5-тармағында Биржа сауда-саттықты ұйымдастырушы ретіндегі қызметінде пайдаланатын негізгі шартты белгілердің тізбесі көрсетілген.
5. Биржа өз қызметінде төменде көрсетілген ұғымды білдіретін негізгі шартты белгілерді пайдаланады:

    1) **"жарияланған акциялар"** (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған акцияларға қатысты) – шығарылымы осы акцияларды шығарған эмитент тіркелген мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген акциялар;

    2) **"орналастырылған акциялар"** (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған акцияларға қатысты) – жарияланған акциялардың ішінде бағалы қағаздардың бастапқы нарығында сатылған акциялар;

    3) **"артықшылықты акция"** (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған акцияларға қатысты) – осындай мемлекеттің заңнамасында айқындалған жағдайларды қоспағанда, осы акцияны ұстаушының қалыпты жағдайда мұндай акцияны шығарған эмитентті басқаруға қатысу құқығын көздемейтін, бірақ оның орнына осы акцияны ұстаушыға жай акцияларды ұстаушылар алдында алдын ала белгіленген кепілдендірілген мөлшерде осы акция бойынша дивиденд алуға және эмитент таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға басым құқық беретін акция;

    4) **"жай акция"** (Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған акцияларға қатысты) – осы акцияны ұстаушының осындай акцияны шығарған эмитентті басқаруға қатысуға сөзсіз құқығын көздейтін акция;

    5) **"репо операциясының кінәлі қатысушысы"** – орталық контрагенттің қатысуынсыз жүргізілген репо операциясының өзі жасаған репо ашу немесе жабу мәмілесі бойынша міндеттемесін орындамаған қатысушысы;

    6) **"сауда-саттықтың кінәлі қатысушысы"** – өзі жасасқан мәміле бойынша міндеттемесін орындамаған сауда-саттық қатысушысы;

    7) **"уақыт базасы"** – борыштық бағалы қағаз (облигация) бойынша сыйақы сомасын есептеу мақсатында қандай да бір күндер арасындағы күндер санын айқындау шарты, ол "қандай да бір кезеңнің шартты немесе нақты күндердегі ұзақтығы / жылдағы шартты немесе нақты күндер саны" арақатынасы түрінде көрсетіледі;

    8) **"қаржы құралын кері сатып алу"** – қаржы құралын оны шығарған эмитенттің не осы эмитенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүддесіне әрекет ететін брокердің сатып алуы;

    9) **"мемлекеттік қазынашылық міндеттеме"** немесе **"қазынашылық міндеттеме"** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемесі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығаратын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз;

10) **"репоны жабу күні"** немесе **"жабу күні"** (репо операциясына қатысты) – репо операциясына қатысушылар немесе сауда-клирингілік жүйе репоны жабу мәмілесін жасау үшін белгілеген күн;

11) **"репоны ашу күні"** немесе **"ашу күні"** (репо операциясына қатысты) – репо ашу мәмілесі жасалған күн;

12) **"пай ұстаушы"** (шетелдік инвестициялық пай қорларына қатысты) – пайдың меншік иесі болып табылатын тұлға;

13) **"дисконттық борыштық бағалы қағаз"** немесе **"дисконттық облигация"** – номиналдық құнынан төмен бағамен орналастырылатын, сыйақысы дисконт түрінде төленетін және шығарылым талаптарына сәйкес осы бағалы қағаздың (облигацияның) меншік иесінің оның айналысының белгіленген мерзімі өткеннен кейін эмитенттен осы бағалы қағаздың (облигацияның) номиналдық құнын алу құқығын куәландыратын борыштық бағалы қағаз (облигация);

14) **"индекстелген борыштық бағалы қағаз"** немесе **"индекстелген облигация"** – шығарылым талаптарына сәйкес номиналдық құны және/немесе сыйақысы қандай да бір көрсеткіштің өзгеруіне (қандай да бір көрсеткіш бойынша индекстеуге) қарай өзгертілуге тиіс борыштық бағалы қағаз (облигация);

15) **"купондық борыштық бағалы қағаз"** немесе **"купондық облигация"** – шығарылым талаптарына сәйкес осы бағалы қағаздың (облигацияның) меншік иесінің оның айналысының белгіленген мерзімі өткеннен кейін эмитенттен осы бағалы қағаздың (облигацияның) номиналдық құнын, сондай-ақ ол бойынша купон (купондар) түрінде сыйақы алу құқығын куәландыратын борыштық бағалы қағаз (облигация);

16) **"купоны құбылмалы борыштық бағалы қағаз"** немесе **"купоны құбылмалы облигация"** – шығарылым талаптарына сәйкес купон мөлшерлемесі айналыс мерзімі ішінде өзгеруге тиіс, бастапқыда тек шектеулі сандағы купондық кезеңдер үшін белгіленетін және тиісінше қалған купондық кезеңдерге қатысты алдын ала белгілі болмайтын купондық индекстелген борыштық бағалы қағаз (облигация);

17) **"бағалы қағаздарды қосымша орналастыру"** – бағалы қағаздардың осы атауын орналастыру бойынша алдыңғы мамандандырылған сауда-саттық барысында орналастыруға ұсынылмаған немесе орналастырылмаған қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды орналастыру;

18) **"сауда-клирингілік жүйеге қол жеткізу"** – заңды тұлғаның сауда-клирингілік жүйеде және/немесе онымен белгілі бір әрекетті жасау құқығымен өз пайдаланушылары арқылы сауда-клирингілік жүйеге қол жеткізуі;

19) **"борыштық бағалы қағаздың кірістілігі"** немесе **"облигацияның кірістілігі"** – осы борыштық бағалы қағазды (облигацияны) өтеген (айналыс мерзімі аяқталған) кезде оны сатып алушы үшін осы борыштық бағалы қағаз (облигация) бойынша күтілетін кірістің жылдық пайызбен көрсетілетін көрсеткіші, бұл ретте ол бойынша сыйақы ретінде алынған соманы қайта инвестициялау мүмкіндігі ескерілмейді;

20) **"мүдделі тұлғалар"** – сауда-саттыққа қатысушылар және Биржаның қызметтерін немесе Биржа ұсынатын не жариялайтын ақпаратты пайдаланатын өзге де тұлға;

21) **"өтінім"** – қандай да бір сауда-саттыққа қатысушының Биржаның сауда-клирингілік жүйесіне берген мәміле жасасуға өтінімі; қандай да бір сауда-саттыққа қатысушының осы хабарландырудың талаптарымен немесе осындай хабарландыруды беруге жол берілетін талаптармен мәміле жасасуға ниеті туралы хабарландыруы;

22) **"жабу аукционының өтінімі"** – жабу аукционы режімінде сауда-саттық өткізген кезде өтінім қабылдау кезеңінде және/немесе өтінім қабылдаудың қосымша кезеңінде сауда-саттыққа қатысушы берген өтінім;

23) **"қарсы өтінім"**:

(қандай да бір атаудағы қаржы құралдарын сату туралы қолданыстағы өтінімге қатысты) – осы атаудағы қаржы құралдарын сатып алуға өтінім;

(қандай да бір атаудағы қаржы құралдарын сатып алу туралы қолданыстағы өтінімге қатысты) – осы атаудағы қаржы құралдарын сатуға өтінім;

24) **"қолданыстағы өтінім"** – Биржа қабылдаған, толық көлемде қанағаттандырылмаған және оны берген сауда-саттыққа қатысушы немесе Биржа жоймаған өтінім;

25) **"лимиттелген өтінім"** немесе **"бәсекелі өтінім"** – сатуға немесе сатып алуға ниет білдірілген қандай да бір атаудағы қаржы құралдарының бағасы көрсетілген өтінім;

26) **"қолданыста жоқ өтінім"**:

Биржа қабылдамаған өтінім; немесе

толық көлемде қанағаттандырылған өтінім; немесе

Биржа қабылдаған, толық көлемде қанағаттандырылмаған, бірақ оны берген сауда-саттыққа қатысушы немесе Биржа жойған өтінім;

27) **"бәсекесіз өтінім" – "нарықтық өтінім"** ұғымымен мәндес;

28) **"лимиттелмеген өтінім"** – "нарықтық өтінім" ұғымымен мәндес;

29) **"тікелей өтінім"** (тікелей мәміле жасасу әдісі қолданылған кезде) – белгілі бір сауда-саттыққа қатысушыға жолданған және тек сол сауда-саттыққа қатысушының қарауына арналған өтінім;

30) **"нарықтық өтінім"** – сатуға немесе сатып алуға ниет білдірілген қандай да бір атаудағы қаржы құралдарының бағасы көрсетілмеген және оны берген сауда-саттыққа қатысушы осы өтінімді қанағаттандыру мүмкін болатын кез келген бағамен мәміле жасасуға ниетті екенін білдіретін өтінім;

31) **"тіркеуші биржа (негізгі (бастапқы) мүшелік биржасы)"** – электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушы мүшесі болып табылатын және қашықтан қол жеткізу туралы келісімге сәйкес Биржа таныған Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің биржасы;

32) **"өтінімнің мөлшері"** немесе **"өтінімнің саны"** – қаржы құралының өлшем бірлігімен көрсетілген өтінім көлемі;

33) **"инвестор"** – бағалы қағаздарды сатып алу (сату) жөнінде Биржа мүшесінің қызметтерін пайдалануға ниетті жеке немесе заңды тұлға;

34) **"борыштық бағалы қағаздың индекстелген номиналдық құны"** немесе **"облигацияның индекстелген номиналдық құны"** – индекстелген борыштық бағалы қағаздың (облигацияның) қандай да бір көрсеткіш бойынша индекстелген номиналдық құны;

35) **"шетелдік заңды тұлға"** – "Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы" терминінің анықтамасына жатпайтын заңды тұлға;

36) **"интернет-провайдер"** – Интернетке қол жеткізу жөнінен қызмет көрсететін ұйым;

37) **"демеушілік қол жеткізу клиенті"** немесе **"SMA-клиент"** – сауда-саттыққа қатысушымен осы тұлғаның есебінен және мүддесінде оның тапсырмасы негізінде сауда-клирингілік жүйеде мәміле жасау туралы шарт жасасқан тұлға;

38) **"сауда-саттық итерациясы"** немесе **"итерация"** (дискретті сауда-саттыққа қатысты) – дискретті сауда-саттықтың дербес кезеңі;

39) **"гросс-негіздегі клиринг"** – сауда-саттыққа қатысушы жасаған әрбір мәміле бойынша орындалуға тиіс талаптар мен міндеттемелерді жеке-жеке айқындау процесі;

40) **"клиринг орталығы"** – қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті және есеп айырысу ұйымының қызметін жүзеге асыратын әрі ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалатын мәмілелер бойынша әрбір сатушы және әрбір сатып алушы үшін тарап ретінде әрекет ететін "KASE клиринг орталығы" АҚ;

41) **"клирингілік қатысушы"** – клиринг орталығымен клирингілік қызмет көрсету жөнінен шарт жасасқан тұлға;

42) **"есеп айырысу коды"** – қамтамасыз ету тәсілін және есеп айырысуды жүргізу мерзімін айқындайтын код;

43) **"Т0" есеп айырысу коды"** – орталық контрагенттің қатысуымен міндеттемесі нетто-негізде орындалуға тиіс мәміле жасасқан кезде пайдаланылатын, өтінім берілген кезде туындайтын міндеттемелердің толық қамтамасыз етілуін бақылау рәсімі жүргізілетінін және олар бойынша есеп айырысу күні осы мәмілелер жасалған күн болып табылатынын айқындайтын есеп айырысу коды;

44) **"Yn" есеп айырысу коды"** – орталық контрагенттің қатысуымен міндеттемесі нетто-негізде орындалуға тиіс мәміле жасасқан кезде пайдаланылатын, өтінім берілген кезде туындайтын міндеттемелердің ішінара қамтамасыз етілуін бақылау рәсімі жүргізілетінін және олар бойынша есеп айырысу күні T+n ретінде айқындалатынын білдіретін есеп айырысу коды, мұнда T – мәміле жасалған күн, ал n – есеп айырысу жүргізілетін жұмыс күндерінің саны;

45) **"Y0/Ycn" есеп айырысу коды** – орталық контрагенттің қатысуымен міндеттемелері нетто-негізде орындалуға тиіс репо мәмілесін жасасқан кезде пайдаланылатын есеп айырысу коды, ол репоны ашқан кезде туындайтын міндеттемелердің ішінара қамтамасыз етілуін бақылау рәсімі жүргізілетінін, репо ашу мәмілесін орындау күні T0 ретінде айқындалатынын, ал репоны жабу мәмілесін орындау күні T+cn ретінде айқындалатынын білдіреді, мұнда T – мәміле жасалған күн, ал cn – репоны ашу және жабу күндерінің арасындағы күнтізбелік күндердің саны;

46) **"Z0" есеп айырысу коды"** – орталық контрагенттің қатысуынсыз міндеттемесі гросс-негізде орындалуға тиіс мәміле жасасқан кезде пайдаланылатын есеп айырысу коды, ол өтінім берілген кезде туындайтын міндеттемелердің толық қамтамасыз етілуін бақылау рәсімі жүргізілетінін және олар бойынша есеп айырысу күні осы мәмілелер жасалған күн болып табылатынын білдіреді;

47) **"Z0/Zcn" есеп айырысу коды"** – орталық контрагенттің қатысуынсыз міндеттемесі гросс-негізде орындалуға тиіс репо мәмілесін жасасқан кезде пайдаланылатын есеп айырысу коды, ол өтінім берілген және орындауға берілген есеп енгізілген кезде туындайтын міндеттемелердің толық қамтамасыз етілуін бақылау рәсімі жүргізілетінін, репо ашу мәмілесін орындау күні T0 ретінде, ал репоны жабу мәмілесін орындау күні T+cn ретінде айқындалатынын білдіреді, мұнда T – мәміле жасалған күн, ал cn – репоны ашу және жабу күндерінің арасындағы күнтізбелік күндердің саны;

48) **"B0" есеп айырысу коды"** – Биржада өткізілетін жазылу, жария ұсыныс әдісімен не қаржы құралдарын орналастыру, сатып алу, кері сатып алу, сату бойынша мамандандырылған сауда-саттық барысында орталық контрагенттің қатысуынсыз, міндеттемелері гросс-негізде орындалуға тиіс мәміле жасасқан кезде пайдаланылатын есеп айырысу коды, ол туындайтын міндеттемелердің қамтамасыз етілуін бақылау рәсімі орындауға есеп беру кезінде жүргізілетінін және есеп айырысу күні мәміле жасалған күнмен сәйкес келетінін білдіреді;

49) **"Bz" есеп айырысу коды"** – Биржада өткізілетін жазылу, жария ұсыныс әдісімен не қаржы құралдарын орналастыру, сатып алу, кері сатып алу, сату бойынша мамандандырылған сауда-саттық барысында орталық контрагенттің қатысуынсыз, міндеттемелері гросс-негізде орындалуға тиіс мәмілелер жасасқан кезде пайдаланылатын есеп айырысу коды, ол туындайтын міндеттемелердің қамтамасыз етілуін бақылау рәсімі орындауға есеп беру кезінде жүргізілетінін және есеп айырысу күні мәміле жасалған күннен өзгеше болатынын білдіреді;

50) **"ақпараттың құпиялығы"** немесе **"құпиялық"** – ақпаратты алу, сақтау, өңдеу немесе беру барысында оның жария етілуінен қорғалатынын және мұндай ақпаратқа қол жеткізуге рұқсаттың тек заңды негіз болған кезде берілетінін білдіретін ақпараттың белгісі;

51) **"индикативтік баға белгілеу"** – өтінім берген сауда-саттыққа қатысушыға осы өтінімнің талаптарымен мәміле жасасу міндетін жүктемейтін өтінім;

52) **"міндетті баға белгілеу"** – маркет-мейкер өзінің қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша міндетін орындау шеңберінде берген осы атаудағы қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға өтінім, ол маркет-мейкердің осы өтінімнің талаптарымен мәміле жасасуға сөзсіз келісімін білдіреді;

53) **"ең үздік міндетті баға белгілеу"** – маркет-мейкер жариялаған міндетті баға белгілеу, онда көрсетілген қандай да бір атаудағы қаржы құралдарын сатып алу (сату) бағасы осы атаудағы қаржы құралдарын сатушылар (сатып алушылар) үшін маркет-мейкердің осы атаудағы қаржы құралдарын сатып алуға (сатуға) берілген қолданыстағы өзге барлық міндетті баға белгілеуінде көрсетілген бағалармен салыстырғанда неғұрлым тиімді болып табылады;

54) **"қатаң баға белгілеу"** – белгілеген бағасын жариялаған сауда-саттыққа қатысушыға осы баға белгілеу негізінде мәміле жасасу міндетін жүктейтін баға белгілеу;

55) **"тікелей баға белгілеу"** – "индикативтік баға белгілеу" ұғымымен мәндес;

56) **"кросс-мәміле"** – сауда-саттыққа қатысушының бір клиентінің мүддесі үшін қарама-қарсы бағыттағы өтінімдер негізінде жасалған мәміле;

57) **"купондық кезең"** – купондық борыштық бағалы қағаз (облигация) бойынша бір купон төленетін кезең;

58) **"позиция лимиті"** – шегінде позиция ашылуы мүмкін ақшалай немесе бағалы қағаздардағы мән;

59) **"логин"** – пайдаланушыны сауда-клирингілік жүйеде сәйкестендіру үшін оған берілетін дербес сәйкестендіру коды;

60) **"Биржа маклері"** немесе **"маклер"** (Биржа жұмыскерлеріне қатысты) – қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу функцияларын жүзеге асыратын және осындай функцияларды орындайтын Биржаның басқа жұмыскерлері арасында ең жоғары өкілеттіккее ие Биржа жұмыскері;

61) **"халықаралық қаржы ұйымы"** немесе **"ХҚҰ"** – халықаралық қаржы саласындағы халықаралық шарт негізінде құрылған ұйым;

62) **"дискретті сауда-саттық әдісі"** – мәміле бағасы әрбір осындай итерацияның нәтижесі бойынша айқындалатын және бірнеше итерациямен өткізілуі мүмкін сауда-саттық;

63) **"жабық сауда-саттық әдісі"** – өтінімнің қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы оны нақты қай сауда-саттыққа қатысушының бергеніне байланысты болатын, ал мәміле шарттық сипатқа ие болатын сауда-саттық;

64) **"ашық сауда-саттық әдісі"** – өзге тең жағдайларда өтінімнің қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы оны нақты қай сауда-саттыққа қатысушының бергеніне байланысты болмайтын және әлеуетті түрде шектелмеген сауда-саттыққа қатысушылар арасында бәсекелестік болады деп болжанатын сауда-саттық;

65) **"тұрақты емес сауда-саттық әдісі"** – жекелеген тұлғаның бастамасы бойынша (осындай өтініш беруге құқығы бар тұлғалардың өтініштері негізінде) өткізілетін сауда-саттық;

66) **"АХҚО"** – "Астана" халықаралық қаржы орталығы;

67) **"бақылаушы"** (Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне қатысты) – Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттықтың барысы мен нәтижесін қарауға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;

68) **"қаржы құралдарының атаулары"** – шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу (егер қаржы құралдарының осы түрі өтеуді көздесе) талаптары, сондай-ақ белгілері мен деректемелері бірдей бір түрдегі қаржы құралдарының жабық жиынтығы;

69) **"шетел валютасы бойынша жұмыс істемейтін күн"** – Қазақстан Республикасының жұмыс күні болатын, бірақ қандай да бір себеппен Биржаның корреспондент банктері тиісті шетел валютасы және ұлттық валюта бойынша есеп айырысу жүргізбейтін күн;

70) **"пайдың номиналдық құны"** (шетелдік инвестициялық пай қорларына қатысты) – инвестициялық пай қоры пайларын бастапқы орналастыру кезіндегі пайдың ақшалай мәні;

71) **"қамтамасыз етілген облигация"** – эмитенттің міндеттемесінің орындалуы эмитенттің мүлкін кепілге қоюмен, банктің кепілдігімен және/немесе мемлекеттің кепілдігімен, және/немесе индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға уәкілетті банк болып табылатын ұлттық даму институтының кепілдігімен, және/немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі арнайы қордың кепілдігімен, және/немесе акциялардың бақылау пакеттері ұлттық басқарушы холдингке тиесілі өзге заңды тұлғаның кепілдігімен, және/немесе ұлттық басқарушы холдингтің кепілдігімен толық немесе ішінара қамтамасыз етілген облигация;

72) **"Биржаның сауда-саттық алаңындағы айналыс"** немесе **"сауда-саттық алаңындағы айналыс"** (Биржаға қатысты) – қандай да бір атаудағы қаржы құралдарын Биржаның осы сауда-саттық алаңында жасалатын мәмілелердің мәні ретінде пайдалану мүмкіндігі;

73) **"Биржаның операциялық күні"** – жұмыс күнінің Биржа қор нарығындағы сауда-саттықты ұйымдастыру және оған әкімшілік ету рәсімдерін жүзеге асыратын бөлігі;

74) **"автоматты репо операциясы"** – "автоматты" тәсілмен (үздіксіз қарсы аукцион әдісімен өткізілетін сауда-саттықта) жүзеге асырылатын репо операциясы;

75) **"валюталық своп операциясы"** – сауда-саттыққа қатысушылардың туынды қаржы құралы болып табылатын шартты жасасуы, оған сәйкес тараптар болашақта келісілген талаптармен базалық активтер бойынша міндеттемені орындауға келіседі, бұл ретте мұндай шарттың талаптарының бірі – есеп айырысу мерзімі кейінірек болатын міндеттемені орындау есеп айырысу мерзімі ертерек болатын міндеттеме орындалған күннен кейінгі үшінші жұмыс күнінен ерте басталмауға тиіс;

76) **"репо операциясы"** – бағалы қағаздардың бір атауымен (репо операциясының мәні) бір мезгілде жасалатын, орындалу мерзімдері бойынша ерекшеленетін және бір-біріне қарама-қарсы бағытталған, тараптары бірдей екі тұлға (репо операциясына қатысушылар) болып табылатын екі мәміленің: репо ашу мәмілесі (ашу мәмілесі) мен репоны жабу мәмілесінің (жабу мәмілесі) жиынтығы;

77) **"кері репо операциясы"** (репо операциясының жеке қатысушысына қатысты) – қатысушысы репо бойынша сатып алушы болып табылатын репо операциясы;

78) **"тікелей репо операциясы"** – "тікелей" тәсілмен (тікелей мәміле жасау әдісімен өткізілетін сауда-саттықта) жүргізілетін репо операциясы;

79) **"шетел валютасымен жасалатын операция (шартты түрде "қысқамерзімді валюталық своп" деп аталады)"** – биржалық сауда-саттықтың белгілі бір екі қатысушысы арасында бір мезгілде жасалатын, бір-біріне қарама-қарсы бағытталған, бірдей мөлшердегі бір шетел валютасын сатып алу-сату бойынша екі мәміленің жиынтығы, олар есеп айырысу мерзімдері бойынша ерекшеленеді, бұл ретте есеп айырысу мерзімі кейінірек болатын мәміленің орындалуы есеп айырысу мерзімі ертерек болатын мәміле орындалған күннен кейінгі екінші жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі;

80) **"байқаушы ұйым"** (Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне қатысты) – Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде сауда-саттықтың барысы мен нәтижесін қарауға құқығы бар заңды тұлға;

81) **"сауда-саттықты ұйымдастыру"** – Биржаның Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалатын сауда-саттықты ұйымдастырушының функцияларын жүзеге асыруы;

82) **"репо операциясының жауапты қатысушысы"** – орталық контрагенттің қатысуынсыз жүргізілген репо операциясына қатысушы, оның тарапынан репоны ашу немесе жабу мәмілесі бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы арқылы расталмаған;

83) **"орындауға берілген есеп"** – сауда-саттыққа қатысушы немесе Биржа маклері сауда-клирингілік жүйеге берген, сауда-саттыққа қатысушының бұрын жасалған мәмілелер нәтижесінде туындаған міндеттемелерді орындауға дайын екенін растайтын есеп;

84) **"бастапқы дилер"** – Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сауда-саттыққа қатысуға жіберілген, "қор" санаты бойынша Биржа мүшесі болып табылатын, өзіне берілген бастапқы дилер мәртебесі және қазынашылық міндеттемелер эмитентімен осы міндеттемелер бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы жасалған шарт негізінде мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді орналастыруға қатысуға уәкілетті бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

85) **"бастапқы орналастыру"** – эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы, бұған эмитенттің өзі бұрын кері сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздарды кейін бағалы қағаздардың қайталама нарығында қайта орналастыруы кірмейді;

86) **"ұйымның бірінші басшысы"** – ұйымның атқарушы органының басшысы немесе ұйымның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға;

87) **"техникалық іркіліс кезеңі"** – техникалық іркіліс басталған сәттен аяқталған сәтке дейінгі уақыт аралығы;

88) **"Биржаның электрондық қызметтер платформасы"** – Биржаның электрондық түрде қызмет көрсетуіне арналған, құжаттарды қабылдауды, өңдеуді, қол қоюды, алмасуды және сақтауды қамтитын мамандандырылған электрондық жүйе және/немесе сервис;

89) **"позиция"** – сауда-саттыққа қатысушының (және/немесе оның клиенттерінің) Биржаның сауда-клирингілік жүйесіндегі сауда-клирингілік шоттарында есепке алынатын ақша сомасы (ақша позициясы) немесе бағалы қағаздардың саны (бағалы қағаздар бойынша позиция);

90) **"репо бойынша сатып алушы"** – ашу мәмілесін жасаған кезде репо операциясының мәнін сатып алатын және жабу мәмілесін жасаған кезде оны сататын репо операциясына қатысушы;

91) **"толық қамту"** – мәміле жасасу талабы, оған сәйкес мәміле жасалу нәтижесінде туындайтын міндеттемелер бойынша олар орындалғанға дейін туындайтын қаржы құралдарында толық қамтамасыз етудің болуы тексеріледі;

92) **"пайдаланушы"** (Биржаның қандай да бір ақпараттық жүйесіне қатысты) – Биржаның ақпараттық жүйесіне қол жеткізуге құқығы бар тұлға;

93) **"бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы"** немесе **"БҚЖ пайдаланушы"** – осындай кастодианның клиентінің атынан уәкілетті сауда-саттыққа қатысушы жасасқан мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында бақылау және қамтамасыз ету жүйесіне қол жеткізуге мүмкіндік берілген кастодиан;

94) **"сауда-клирингілік жүйені пайдаланушы"** – Биржаның сауда-клирингілік жүйесіне қосылуға құқығы бар тиісті заңды тұлғаның атынан Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде әрекет етуге құқығы бар жеке тұлға;

95) **"репо операциясының зардап шеккен қатысушысы"** – орталық контрагенттің қатысуынсыз жасалған репо операциясына қатысушы, оның репоны ашу немесе жабу мәмілесі репо операциясына кінәлі қатысушының осы мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты орындалмаған;

96) **"репо операциясының мәні"** – репо операциясын жүргізген кезде өзгеріссіз мөлшерде сатып алынатын және сатылатын ұқсас (бір шығарылымдағы) бағалы қағаздар және/немесе өзге қаржы құралдары;

97) **"Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені"** – Биржаның меншігіндегі немесе пайдалануындағы және сауда-саттық өткізу мақсатында пайдаланылатын Биржаның сауда-клирингілік жүйелері, ақпараттық жүйелері, телекоммуникациялық құралдары және аппараттық кешені;

98) **"репо бойынша сатушы"** – ашу мәмілесін жасаған кезде репо операциясының мәнін сататын және жабу мәмілесін жасаған кезде оны сатып алатын репо операциясына қатысушы;

99) **"жұмыс күні"** – Қазақстан Республикасында жұмыс күні болып табылатын күн;

100) **"өтінім мөлшері"** – өтінімнің заттай көріністегі көлемі (қаржы құралдарының өлшем бірлігімен);

101) **"KASE бөлімі"** – қор нарығының клирингілік қатысушысының (клиенттің немесе меншікті) дербес шотының "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-тың есепке алу жүйесіндегі қор нарығында орталық контрагенттің қатысуымен жасалатын мәмілелерді қамтамасыз ету және орындау үшін пайдаланылатын бағалы қағаздарды есепке алуға арналған қосалқы шоты, одан бағалы қағаздарды есептен шығару құқығы қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне орталық контрагент оң тексеру жүргізгеннен кейін ғана іске асырылуы мүмкін;

102) **"мәміле мөлшері"** – мәміленің заттай көріністегі көлемі (қаржы құралдарының өлшем бірлігімен).

103) **"бағалы қағаздарды сауда-саттыққа қатысушылар арасында бөлу"** – сатушының өтінімдері қанағаттандырылуға тиіс осындай қатысушылардың өтінімдерінің шекті мәндерін (бағасы мен бағалы қағаздар санын) айқындауы;

104) **"есеп айырысу коды"** – мерзімді нарықта пайдаланылатын және сауда-саттыққа қатысушының қамтамасыз етуі және/немесе тараптарының бірі осы сауда-саттыққа қатысушы болып табылатын мәмілелер бойынша міндеттемелер туралы ақпаратты есепке алуға арналған клирингілік тіркелім;

105) **"сауда-саттық режімі"** – мәміле жасасу, олар бойынша міндеттемені орындау, клиринг және есеп айырысу талаптарын қоса алғанда, қаржы құралдарының белгілі бір тобы бойынша сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу тәртібі;

106) **"ОК қатыспаған сауда-саттық режімдері"** – мәмілелер (оның ішінде репо операциялары) орталық контрагенттің қатысуынсыз жасалатын (жүргізілетін) сауда-саттық және операциялар режімдері;

107) **"ОК қатысқан сауда-саттық режімдері"** – мәмілелер (оның ішінде репо операциялары) орталық контрагенттің қатысуымен жасалатын (жүргізілетін) сауда-саттық және операциялар режімдері;

108) **""Қамтамасыз етуді аудару" режімдері"** – ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіндегі ақшадағы немесе бағалы қағаздардағы қамтамасыз етуді аудару операцияларын жүргізу немесе сауда-клирингілік шоттар бойынша ақшадағы немесе бағалы қағаздардағы қамтамасыз ету лимиттерін белгілеу (қаржы құралдарын сегрегациялау/агрегациялау) мақсатында пайдаланылатын режімдер;

109) **""Есеп айырысуға аудару" режімдері"** – ASTS+ сауда-клирингілік жүйесіндегі активтердің мақсатты орналастырылуын бақылау функцияларын жүзеге асыру және орталық контрагенттің қатысуымен өткізілген сауда-саттық режімдерінде жасалған мәмілелер бойынша талаптар мен міндеттемелердің орындалуын бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының клиентінің мүддесі үшін аудару мақсатында пайдаланылатын режімдер;

110) **"нәтижелі сауда-саттық сессиясы"** – қандай да бір атаудағы немесе түрдегі қаржы құралдары бойынша кемінде бір мәміле жасалған осы атаудағы (түрдегі) қаржы құралдары бойынша сауда-саттық сессиясы;

111) **"қашықтан қол жеткізу режімі"** – сауда-клирингілік жүйені пайдаланушының (сауда-клирингілік жүйеде белгілі бір әрекетті жасауға уәкілетті жеке тұлғаның) Биржада тікелей болуын талап етпейтін сауда-клирингілік жүйемен жұмыс істеу тәсілі.

112) **"рейтинг"** (мәнмәтінге байланысты):

"рейтингтік баға" ұғымымен мәндес; немесе

мақсаты қандай да бір объектінің, құбылыстың немесе оқиғаның маңызын немесе маңыздылығын көрсететін әріптік, сандық, әріптік-сандық немесе реттік көрсеткішті беру болып табылатын процесс;

113) **"рейтингтік баға"** – қандай да бір объектінің, құбылыстың немесе оқиғаның маңызын немесе маңыздылығын көрсететін әріптік, сандық, әріптік-сандық немесе реттік көрсеткіш;

114) **"қабылданған өтінімдердің тізілімі"** – Биржа сауда-саттыққа қатысушылардан қабылдаған және сатушыға (сатып алушыға) берілетін өтінімдердің қорытынды тізіміне енгізілген өтінімдердің тізбесі;

115) **"қанағаттандырылған өтінімдердің тізілімі"** – Биржа сатушыдан (сатып алушыдан) алған қанағаттандырылуға тиіс өтінімдердің тізбесі;

116) **"мәміле"** – сауда-саттықта қаржы құралымен жасалған мәміле;

117) **"ОК қатыспаған мәміле"** – орталық контрагенттің қатысуынсыз өткізілетін сауда-саттық режімінде қаржы құралымен жасалған мәміле;

118) **"ОК қатысқан мәміле"** – орталық контрагенттің қатысуымен өткізілген сауда-саттық режімінде қаржы құралымен жасалған мәміле;

119) **"қандай да бір сауда-саттық өткізу әдісімен жасалған мәміле"** – осы сауда-саттық өткізу әдісімен өткізілген сауда-саттықта жасалған мәміле;

120) **"репоны жабу мәмілесі"** немесе **"жабу мәмілесі"** (репо операциясына қатысты) – жиынтығында репо операциясын құрайтын екі мәміленің орындалу кезектілігі бойынша екіншісі; репо ашу мәмілесіндегі сияқты атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі, ол бойынша осы мәміленің сомасындағы ақша репо операциясына қатысушылардың екіншісінен біріншісіне беріледі және репо ашу мәмілесіндегідей осы атаудағы бағалы қағаздардың сол саны репо операциясына қатысушылардың біріншісінен екіншісіне қайтарылады;

121) **"репо ашу мәмілесі"** немесе **"ашу мәмілесі"** (репо операциясына қатысты) – жиынтығында репо операциясын құрайтын екі мәміленің орындалу кезектілігі бойынша біріншісі; қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі, ол бойынша осы мәміленің сомасындағы ақша репо операциясына қатысушылардың біреуінен екіншісіне аударылады және осы атаудағы бағалы қағаздардың белгілі бір саны репо операциясына қатысушылардың екіншісінен біріншісіне беріледі;

122) **"тікелей мәміле"** – тікелей мәміле жасасу әдісімен өткізілген сауда-саттықта жасалған мәміле;

123) **"бақылау және қамтамасыз ету жүйесі"** – ASTS+ сауда-клирингілік жүйесінің құрамына кіретін, активтердің мақсатты орналастырылуын бақылау және мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету жүйесі, ол:

– қамтамасыз етуді басқаруға немесе сауда-клирингілік шоттар бойынша қамтамасыз ету лимиттерін айқындауға;

– бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының клиентінің атынан уәкілетті сауда-саттыққа қатысушы орталық контрагенттің қатысуынсыз жасаған мәмілелерді растауға;

– орталық контрагенттің қатысуымен өткізілген сауда-саттық режімдерінде бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының клиентінің мүддесі үшін жасалған мәмілелерді есеп айырысуға қабылдауға/беруге мүмкіндік береді;

124) **"электрондық сауда-саттық жүйесі"** – Биржа мен тіркеген биржа арасында жасалған электрондық сауда-саттық жүйесіне қашықтан қол жеткізу туралы тиісті келісім негізінде қатысушыларына Биржаның сауда-саттық жүйесіне қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ететін электрондық сауда-саттық жүйесі;

125) **"DMA жүйесі"** – Биржа мүшесінің Биржаның сауда-саттық жүйесімен өзара іс-қимыл жасайтын және DMA-клиенттердің тапсырыстары негізінде қалыптастырылған клиенттік тапсырмалар бойынша Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәміле жасауға арналған бағдарламалық-техникалық құралдар кешені;

126) **"қашықтан қол жеткізу туралы келісім"** – Биржа мен тіркеген биржа арасында жасалған, электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушыларға қашықтан қол жеткізуге рұқсат беретін кезде тараптардың өзара іс-қимылының тәртібін реттейтін электрондық сауда-саттық жүйесіне қашықтан қол жеткізу туралы келісім;

127) **"спрэд"** – бір маркет-мейкердің бір атаудағы қаржы құралдарын сатып алу және сату бойынша үздік міндетті баға белгілеулерінде көрсетілген бағалар арасындағы айырма;

128) **"АҚШ долларының орташа сараланған бағамы"** – осы шетел валютасымен есеп айырысу сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күні жүргізілетін АҚШ долларымен соңғы нәтижелі күнде жасалған барлық мәміленің орташа сараланған бағасы;

129) **"репо операциясының мерзімі"** – репоны жабу және ашу күндерінің арасындағы күнмен өлшенетін уақыт аралығы;

130) **"репо операциясының мөлшерлемесі"** – сауда-саттыққа қатысушы өтінімде көрсететін және жабу мәмілесінің сомасын есептеу үшін пайдаланылатын, жылдық пайызбен есептелетін репо операциясының сандық сипаттамасы.

131) **"өтінім сомасы"** – өтінімнің ақшалай көріністегі көлемі;

132) **"мәміле сомасы"** – мәміленің ақшалай көріністегі көлемі;

133) **"тайм-аут"** – сауда-саттық сессиясы (сауда күні) шегіндегі маркет-мейкерге қандай да бір атаудағы қаржы құралдары бойынша жаңа міндетті баға белгілеулерді жариялау үшін берілетін және осы уақыт ішінде маркет-мейкерге осы атаудағы қаржы құралдары бойынша өз міндеттерін орындамауға рұқсат етілетін уақыт аралығы;

134) **"сауда-саттық жүйесінің терминалы"**, немесе **"сауда-клирингілік жүйенің терминалы"**, немесе **"терминал"** – Биржаның сауда-саттық немесе сауда-клирингілік жүйесінің клиенттік бөлігі; Биржаның сауда-саттық немесе сауда-клирингілік жүйесінің бағдарламалық жасақтамасы орнатылған, Биржаның сауда-саттық немесе сауда-клирингілік жүйесіне қосылған және Биржаның сауда-саттық немесе сауда-клирингілік жүйесімен жұмыс істеуге (Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде әрекет етуге) арналған дербес компьютер;

135) **"сауда-саттық"** – Биржада өткізілетін сауда-саттық;

136) **"ағылшын сауда-саттығы"** – ағылшын сауда-саттығы әдісімен өткізілетін сауда-саттық, онда сауда-саттыққа қатысушылар сатып алуға өтінімдерді тек сатылатын қаржы құралының бағасын көтере отырып бере алады;

137) **"анонимді сауда-саттық"** – өткізу барысында кез келген сауда-саттыққа қатысушыға (Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген жағдайларды қоспағанда) өтінімдерді нақты қай сауда-саттыққа қатысушылар бергені және осы қатысушының өтінімі негізінде жасалған мәмілелердің тараптары нақты қай сауда-саттыққа қатысушылар екені туралы ақпарат берілмейтін сауда-саттық;

138) **"голланд сауда-саттығы"** – Голландия сауда-саттығы әдісімен өткізілетін сауда-саттық, онда сауда-саттыққа қатысушылар сатып алуға өтінімдерді тек сатылатын қаржы құралының бағасын төмендете отырып бере алады;

139) **"дискреттік сауда-саттық"** – бірнеше кезеңде (итерацияда) өткізілуі мүмкін және мәміле бағалары әрбір осындай кезеңнің қорытындысы бойынша айқындалатын сауда-саттық;

140) **"ашық сауда-саттық"** – өткізу барысында өзге тең жағдайларда өтінімнің қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы оны нақты қай сауда-саттыққа қатысушының бергеніне байланысты болмайтын және сауда-саттыққа қатысушылардың әлеуетті шектелмеген саны арасында бәсекелестік болады деп болжанатын сауда-саттық (өтінімнің қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы оны нақты қай сауда-саттыққа қатысушының бергеніне байланысты болатын және мәмілелер тек шарттық сипатта болатын тікелей мәміле жасасу әдісімен өткізілетін сауда-саттықтан айырмашылығы).

141) **"мамандандырылған сауда-саттық"** – мамандандырылған сауда-саттық әдісімен өткізілетін сауда-саттық; Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралын орналастыруға, сатуға, сатып алуға және кері сатып алуға қатысты ғана және орналастырылатын (сатылатын, кері сатып алынатын, сатып алынатын) қаржы құралының жалғыз сатушысы (сатып алушысы) болған жағдайда ғана қолданылады;

142) **"сауда-саттық ақпараты"** – Биржа өткізетін (өткізген) қаржы құралдарымен сауда-саттықтың барысы және/немесе нәтижесі туралы ақпарат;

143) **"Биржаның сауда-саттық жүйесі"**, немесе **"сауда-саттық жүйесі"**, немесе **"Биржаның сауда-клирингілік жүйесі"**, немесе **"сауда-клирингілік жүйе"** – сауда-саттыққа қатысушылар арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәміле жасалатын материалдық-техникалық құралдардың, Биржаның ішкі құжаттарының және қажетті өзге активтер мен рәсімдердің кешені;

144) **"ASTS+ сауда-клирингілік жүйесі (валюта нарығы)"** – "валюталық" санатындағы сауда-саттыққа қатысушыларға арналған, шетел валюталарымен сауда-саттық жүргізілетін Биржаның сауда-клирингілік жүйесі;

145) **"SPECTRA сауда-клирингілік жүйесі"** – туынды қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысатын, "деривативтер" санатындағы сауда-саттыққа қатысушыларға арналған Биржаның сауда-клирингілік жүйесі;

146) **"ASTS+ сауда-клирингілік жүйесі (қор нарығы)"** – "қор" санатындағы сауда-саттыққа қатысушыларға арналған, бағалы қағаздармен сауда-саттық жүргізілетін Биржаның сауда-клирингілік жүйесі;

147) **"сауда-саттық шоты"** – сауда-саттыққа қатысушы немесе бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы мәміле жасау және/немесе активтердің мақсатты орналастырылуын бақылау функцияларын жүзеге асыру және/немесе Биржаның сауда-саттық/сауда-клирингілік жүйесінде мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін пайдаланатын шот;

148) **"сауда-клирингілік шот"** – сауда-саттыққа қатысушыға немесе бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушыға берілген, сауда-саттық шоты мен нөмірі бірдей клирингілік шоттың жиынтығын білдіретін, Биржаның сауда-саттық/сауда-клирингілік жүйесінде осындай сауда-саттық шотын пайдалана отырып жүзеге асырылған мәмілелерді және/немесе операцияларды орындауды, есепке алуды және бақылауды қамтамасыз ететін шот.

149) **"қашықтан қол жеткізу"** – электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушының қашықтан қол жеткізу туралы келісім шеңберінде Биржаның сауда-клирингілік жүйесіне қаржы құралдарын сатып алуға және/немесе сатуға өтінім беруі;

150) **"өтінімді қанағаттандыру"** – қолданыстағы қарсы өтінімдер есебінен өтінімнің негізінде толық немесе ішінара көлемінде мәміле жасасу;

151) **"репо операциясына қатысушы"** – жиынтығында репо операциясын құрайтын екі мәміленің бір тарапы болып табылатын тұлға;

152) **"сауда-саттыққа қатысушы"** – сауда-саттыққа қатысуға жіберілген және оған қатысатын, сондай-ақ клиринг ұйымы берген клирингілік қатысушы мәртебесіне ие Биржа мүшесі;

153) **"электрондық сауда-саттық жүйесіне қатысушы"** – Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын және қашықтан қол жеткізу туралы келісімге сәйкес оны тіркеген биржаның мүшесі болып табылатын шетелдік Биржа мүшесі;

154) **"қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган"** немесе **"уәкілетті орган"** – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;

155) **"сауда-саттықтың уәкілетті қатысушысы"** – бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы өз клиентінің атынан мәміле жасауға уәкілеттік берген сауда-саттыққа қатысушы;

156) **"ақпараттың тұтастығы"** – ақпараттың қандай да бір өзгерісі болмайтын не өзгерісті тиісті құқығы бар тұлғалар әдейі жасайтын ақпараттың жай-күйі;

157) **"ұтымды баға"**:

(қандай да бір атаудағы қаржы құралдарын сатушы үшін) – осы атаудағы қаржы құралдарының сатушы осы атаудағы қаржы құралдарын сатуға дайын бағадан төмен емес бағасы;

(қандай да бір атаудағы қаржы құралдарын сатып алушы үшін) – осы атаудағы қаржы құралдарының сатып алушы осы атаудағы қаржы құралдарын сатып алуға дайын бағадан жоғары емес бағасы;

158) **"таза емес баға"** (борыштық бағалы қағазға (облигацияға) қатысты) – купондық борыштық бағалы қағаздың (облигацияның) оған жинақталған (есептелген, бірақ төленбеген) сыйақыны қамтитын бағасы.

159) **"репо операциясын жабу бағасы"** немесе **"жабу бағасы"** (репо операциясына қатысты) – репо операциясы мәнінің репоны жабу мәмілесі жасалатын бағасы;

160) **"өтінім бағасы"** – өтінімде көрсетілген, сатуға немесе сатып алуға ұсынылған қандай да бір атаудағы қаржы құралдарын сату немесе сатып алу бағасы;

161) **"мәлімделген баға"** – "өтінім бағасы" ұғымымен мәндес;

162) **"репо операциясын ашу бағасы"** немесе **"ашу бағасы"** (репо операциясына қатысты) – репо операциясы мәнінің репо ашу мәмілесі жасалатын бағасы;

163) **"сауда-саттық сессиясын ашу бағасы"** – көрнекілік мақсатында, қандай да бір шешім қабылдау немесе қандай да бір әрекет жасау үшін не өзге мақсатта пайдаланылатын сауда-саттық сессиясы сипаттамаларының бірі;

164) **"кесім бағасы"**:

- дискреттік аукцион өткізген кезде – қаржы құралының жекелеген итерация барысында айқындалатын және осы қаржы құралымен барынша мүмкін болатын жиынтық көлемде мәміле жасауға болатын бағасы;
- мамандандырылған сауда-саттық өткізген кезде – қаржы құралының осы қаржы құралымен мәміле жасау үшін жалғыз сатушы (сатып алушы) қарсы өтінімдерді іріктейтін (кесіп алып тастайтын) бағасы (бірыңғай бағамен немесе осы қаржы құралының жалғыз сатушысы (сатып алушысы) үшін неғұрлым тиімді бағамен).

Кесім бағасы ақшалай мәнде де, пайыздық мәнде де (мысалы, облигацияның номиналды құнының пайызымен) көрсетілуі мүмкін; соңғы жағдайда "кесім бағасы" сөз тіркесінің рұқсат етілетін синонимі "кесім мөлшерлемесі" сөз тіркесі болып табылады;

165) **"мәміле бағасы"** – қандай да бір атаудағы қаржы құралдарының мәміле жасалған бағасы;

166) **"таза баға"** (борыштық бағалы қағазға (облигацияға) қатысты) – купондық борыштық бағалы қағаздың (облигацияның) оған жинақталған (есептелген, бірақ төленбеген) сыйақыны қамтымайтын бағасы;

167) **"жарияланған бағалы қағаздар"** (шетелдік бағалы қағаздарға қатысты) – шығарылымы қолданылатын заңнамаға сәйкес тіркелген бағалы қағаздар;

168) **"Орталық депозитарий"** – "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ;

169) **"орталық контрагент"** немесе **"ОК"** – қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті және есеп айырысу ұйымының қызметін жүзеге асыратын әрі бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жасалатын мәмілелер бойынша әрбір сатушы мен әрбір сатып алушы үшін мәміленің бір тарапы болып табылатын ұйым;

170) **"ішінара қамтамасыз ету"** – мәміле жасасу талабы, оған сәйкес мәміле бойынша міндеттеме орындалғанға дейін қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне бақылау жасалады;

171) **"сауда-клирингілік жүйенің шлюзі"**, немесе **"шлюз"**, немесе **"Биржаның сауда-клирингілік жүйесінің шлюзі"**, немесе **"шлюздік жүйелер"** – биржалық сауда-саттық өткізу барысында сауда-саттыққа қатысушылардың ақпараттық жүйелерінің сауда-клирингілік жүйемен өзара іс-қимылы жүзеге асырылатын Биржаның сауда-клирингілік жүйесінің бағдарламалық-техникалық кешені;

172) **"электрондық цифрлық қолтаңба"** – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның кімге тиесілі екенін және мазмұнының өзгермегенін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

173) **"Co-location (колокация)"** – қашықтан қол жеткізу желісінің провайдері Биржа клиентінің жабдығын өз аумағындағы деректерді өңдеу орталығында орналастыратын, оны электрмен жабдықтауға қосатын, оған қызмет көрсетуді және өткізу қабілеті жоғары байланыс арналарына қосуды қамтамасыз ететін қызмет;

174) **"DMA-клиент"** – Биржа мүшесі осы клиенттің тапсырмасы бойынша және/немесе оның есебінен және/немесе мүддесі үшін Биржаның сауда-клирингілік жүйесінде өз атынан мәміле жасасуы үшін DMA жүйесін пайдалануға ниетті немесе пайдаланып жүрген Биржа мүшесінің клиенті.

6. Биржаның ішкі құжаттарында пайдаланылатын өзге ұғымдар Биржаның басқа ішкі құжаттарында айқындалған ұғымдарға сәйкес келеді.

7. Осы Глоссарий Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

8. Осы Глоссарийге уақытылы өзгеріс және/немесе толықтыру енгізу (өзекті ету) үшін жауапкершілік Биржаның сауда-саттық қызметін қамтамасыз ететін бөлімшесіне жүктеледі.

9. Осы Глоссарий қажет болған жағдайда өзектендірілуге тиіс.

Осы Глоссарийді өзекті ету қажеттілігіне қатысты қайта қарау осы Глоссарий қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал оған өзгеріс/толықтыру енгізілген жағдайда соңғы өзгеріс/толықтыру қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет жүргізілуге тиіс.

Басқарма төрағасы А. Н. Мухамеджанов